

Мойынқұм ауданында 2011 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 17 наурыздағы N 81 Қаулысы. Жамбыл облысы Мойынқұм ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 11 сәуірде 6-7-66 нөмірімен тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 20-бабына және «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 Қаулысымен бекітілген «Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесіне» сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2011 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін аудандағы ұйымдардың тізбелері 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Қоғамдық ақылы жұмысқа қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген жалақының ең төменгі мөлшерінде белгіленсін және оларды қаржыландыру жергілікті бюджет есебінен жүргізілсін.

4. Осы Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Есеевке жүктелсін.

5. Осы Қаулы Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мойынқұм ауданының әкімі

Б.Рысмендиев

« К Е Л І С І Л Д І »

«Қазақстан	Республикасы	Әділет	министрлігі
Жамбыл	облысының	Әділет	департаменті
Мойынқұм	ауданының	Әділет	басқармасы»
мемлекеттік	мекемесінің		бастығы

Ә . Б а й т е р е к о в

17.03.2011 жыл

«Жамбыл облысы Мойынқұм ауданының
 Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі»
 мемлекеттік мекемесінің бастығы
 Ғ . Д а м и н о в
 17.03.2011 жыл
 М о й ы н қ ұ м а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
 2 0 1 1 ж ы л ғ ы 1 7 н а у р ы з д а ғы
 № 81 Қаулысына 1-қосымша

2011 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін аудандағы ұйымдардың тізбелері

1.	«Кеңес ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
2.	«Бірлік ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
3.	«Биназар ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
4.	«Қызылтал ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
5.	«Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
6.	«Мойынқұм ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
7.	«Қылышбай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
8.	«Қарабөгет ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
9.	«Ұланбел ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
10.	«Күшаман ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
11.	«Ақбақай кенттік округінің әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
12.	«Шығанақ кенттік округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
13.	«Аксүйек кенттік округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
14.	«Хантау кенттік округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
15.	«Мыңарал ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
16.	«Мирный кенттік округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
17.	«Мойынқұм ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі.
18.	«Жамбыл облысы Мойынқұм аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі.
19.	«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Жамбыл облысының Әділет департаменті Мойынқұм ауданының Әділет басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

М о й ы н қ ұ м а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
 2 0 1 1 ж ы л ғ ы 1 7 н а у р ы з д а ғы
 № 81 Қаулысына 2-қосымша

2011 жылға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс

№	Жұмыс түрлері	Көлемі мен нақты жағдайлары	Сұраныс	Ұсыныс

1.	Аудан аумағын көріктендіру, көгалдандыру жұмыстарына көмек көрсету	1. Арық тазалау 2. Қоқыс шығару 3. Бағаналарды сырлау 4. Гүл егу және оны күту	54	36
2.	«Жасыл ел» бағдарламасы бойынша егілген талдардың сақталуына көмек көрсету	1.Тал егу, оны суғару 2.Талдардың түбін әктеп ретке келтіру	43	29
3.	Ұйымдардағы іс-жүргізуге көмек көрсету	Құжаттарды ресімдеу	10	7
Барлығы			107	72

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК